

«Күншуақ» бөбекжай-бақшасы» МКҚК

№11 «Жұлдыз» ортаңғы тобың 1-қыркүйек – білім күні мерекесіне
ұйымдастырылған тақырыптық іс-әрекеті

Тақырыбы: «Білімнің бастауы – балабақшада»



Тәрбиешілері: Абдыкова А.Т

2025 ж

Тәрбиеші: Абдыкова А.Т

Тақырыбы: «Білімнің бастауы – балабақшада!».

Мақсаты: Балаларды білім алуға қызығушылықтарын арттыру.

Білімділік: Балалардың "Білім" күніне деген білімдерін қалыптастыру; құрал-жабдықтарын ұйымдастырылған оқу қызметінде дұрыс қолдана білу.

Дамытушылық: Құралдарды өзіне сәйкес оқу қызметіне байланысты ажырата білуге баулу; Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелік: Өз туған елдеріне, жерлеріне, балабақшасына сүйіспеншілікке тәрбиелеу.

Қолданылатын көрнекіліктер: қарындаш, желім, түрлі-түсті қағаз, қайшы, сызғыш, сурет дәптері және бастырма дәптері, т.б.

- Бүгінгі біздің оқу қызметімізді күндегіден өзгеше болады балалар.

Жылулық шеңбері:

Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық.

Жерден нәр алайық,

Алақанға салайық.

Күннен шуақ алайық,

Алақанға салайық.

Күн шуағын қонақтарға сыйлайық.

Сәлеметсіздер ме, балалар!

- Сәлеметсіз бе!

- Өтетамаша.

Биіктергебастайтынасқаралы

Әр жүректің сүйікті, асқақ әні

Мерекедебәрімізбірдауыспен

Шырқайық еліміздің әнұранын! (Әнұран қойылады)

Мақал : Білім арзан, білу қымбат, Күш- білімде, білім-кітапта

Сұрақ-жауап.

- Балалар қандай жыл мезгілдерін білесіздер?- жаз,күз,қыс, көктем.

- Қазір қандай мезгіл? -күз мезгілі.

- Бүгін қандай күн? - Алғашқы білім күні.

- Иә, дұрыс айтасыңдар.Білім күні. Білім күнінде оқушылар мектепке барады. Мектепте алғашқы қоңырау соғылады. Бізде қоңырау соғылмайды, себебі біз балабақшамыз. Жаңа оқу жылы басталады.

- Бізде де балалар жаңа оқу жылы басталмақ. Қәне сол жаңа оқу жылына дайынсыңдар ма? -иә.

- Олай болса кім жаңа оқу жылына арнап тақпақ айтып береді.

Амина.

Кел балалар, оқылық!

Оқығанды көңілге

Ықыласпен тоқылық,

Оқысаңыз балалар

Шамнан шырақ жағылар,

Тілегенін алдынан

Іздемей –ақ табылар.

Имран.

Білім - менің ертеңім

Өсу үшін өркенім

Жүзем оқу - айдында

Жайып білім желкенін

Қиындықтан өтуге
Армандарға жетуге
Білім алам ерінбей
Еліме қызмет етуге!

Асылым.

Балабақша есігін
Үшке тола ашқанбыз.
Балапандай мәпелеп,
Өсіруде бақшамыз.

Аяна.

Кел-кел досым бақшаға
Естимісің үнімді
Сауат ашып тіл дамытып
Үйренейік білімді.

Махаббат.

Балабақша базарлы үй
Ауылдағы ажарлы үй
Күлкісі бар шуақты
Өз үйіміз сияқты

-Жарайсыңдар балалар.- Олай болса мына үстел үстінде жатқан құралдарды атап беріңдерші.- Иә, өте жақсы, сендер жаңа оқу жылына дайын екенсіңдер.-Келіңдер балалар, қызық ойын ойнайық!

Д/ойын:"Бұл қай кезде болады?"

Мақсаты: Балалар суретке қарап жыл мезгілдерін атайды, көкөніс -жемістерді ажыратады, дәмін ажыратады, ащы-тәтті ұғымдарын түсінді.

- Балалар сендер кішкене шаршап қалған боларсыңдар, қәнекей бәріміз орнымыздан тұрып сергіту жаттығуын жасап алайықшы.

Сергіту сәті.

- *Күндей болып күлеміз,
Гүлдей болып өсеміз.
Құстай болып ұшамыз,
Көбелектей қонамыз.*

**-Бүкіл елде басталыпбүгінжыры,
Бақ қоңырау шақырар ұғымдыны.**

Білім - ғылымбастауы, мерекелі

ҚұттыболсынбүгінгіБілімкүні!

- Бізендіойындыазайтамыз, оқитынболамыз. Себебі, біз осы жаңаоқужылынанбастапкетеміз.

- Білімбіздіңертеңгіжарқын болашағымыз.

*-Корабльдібасқарып
Көк жүзіне самғатар
Таудыбұзып, тасжарып
Мұхиттарды жалғатар
Сырларыкөпғылымның
Шешілмегенәлі де
Тереңдігі білімнің
Керекекенбәріне!*

- Балалар сендерге бүгінгі ашық оқу қызметі ұнады ма?

- Бізсабақтанелертуралы өттік?

-Дұрысайтасыңдар, балалар!

- Бүгін ашық оқуқызметіндебарлығыңбелсенекатыстыңдар!

*Шырылдағантынымалмай
Қоңыраудың үні қандай!*

*Мақсатына жете ме адам
Оқу оқып, білім алмай?!
Ғылымның көп тасқамалы
Ғалымдық та асқаралы
Бар білімнің нұр бастауы -
Балабақшадан басталады!*

- дей отырып ашық оқу қызметін аяқтаймыз.

- Білім күніне мақал-мәтел және құралды қай оқу қызметіне қолданатынайтып бердік.

Біз – еліміздің жас өркеніміз,

Желдікерген желкеніміз,

Желбіретер көктетуын

Біз - еліміздің ертеңіміз!

Күтілетін нәтиже.

Біледі: 1-Қыркүйек – Білім күні мерекесін біледі. Білім күніне орай түрлі көркем сөз, тапқар айта біледі.

Игерді: Оқу құрал жабдықтарын ажыратып, атауды игерді.

Меңгерді: Оқу құрал-жабдықтарының қолдану мақсаттарын меңгерді.

